

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі

Тақырыбы: **Балалардың шығармашылығын
дамытуда музыканың күдіреті**

Алматы, 2017



*Ұйықтап жатқан
жүректі ән
оятар,
Үннің тәтті
оралған мәні
оятар.*

Абай Құнанбайұлы

- **Баяу да бойлауық, зарлы да сарнауық әуен бел алған ортада халықтың санамен сарғайып, мұңға батқаны;**
- **Ерке де еркін, жайдары да жеңіл, иірім - қайырымы алабұрта елпілдеген әуен бел алса, онда халықтың шат - шадыман ғұмыр кешкені;**
- **Қатқыл да қаһарлы, бастауы жігерлі, қоштауы асқақ, қайырмасы кең орамды әуен бел алса, онда халықтың өзіне - өзі сенімді де табанды болғаны;**

- Шалқар да шалқымалы, жүрекке жылы, жанға жайлы әуен бел алса, онда халықтың мейірім мен махаббатқа бөленгені;
- Қоңыржай да ашық, орнықты да қалыпты, байсалды да шыншыл әуен бел алса, онда халықтың сыпайы да ізетшіл болғаны;
- Жабайылардың әндері сияқты шегіне жете бүлініп - бұрмаланған, жанығып – жан ұшырған, ырду - дырду әуен бел алса, онда халықтың бұзылғандық пен бейбастақтыққа белшесінен батқаны”.



*Бұл ғылым (яғни музыка)
өзінің байсалдығынан
айрылған адамдарды
түзетуге, қызба адамды
қалпына түсіруге,
байсалды адамды ылғи да
бір қалыпта ұстауға
құдіреті әбден жетеді.*

Әбу Насыр Әл-Фараби

Балалар өмірінде музыканың маңызы

- музыканы тыңдау;
- түсіну;
- есте сақтау;
- ажырата білу,ән салу, би билеу;
- сазгерлерді, аспаптарды тану;

• Балабақшада музыкалық тәрбие жұмысын ұйымдастырудың түрлері:

• *Ән сабағы*

• *Баланың күнделікті өміріндегі музыканың орны*

• *Мерекелік ертеңгіліктер*

- Әнді музыкамен, музыкасыз жеке, көппен қосылып, орындау кезінде дауысын дамытуға, өлең сөзін дұрыс, анық айтуға, ырғақты қимылмен музыка үндестігін сезіне, денесін дұрыс ұстап, әдемі қозғала білуіне ерекше мән беріледі.
- Ән баламен ойын - сауықтарда, музыкалық кештерде, ертеңгіліктерде, билерде, ойындарда бірге жүреді.
- Балалар музыканы тыңдап, ән айтып, билейді, музыкалық ойындарға қатысып, балаларға арналған салтанатты әндерді орындау мен қатар үлкендермен бірге ән айтып, ойын – сауықтық шараларға, мерекелік Жаңа жыл, 8 – ші наурыз, Наурыз мейрамы, Тәуелсіздік күні мейрамына арналған ертеңгіліктерге қатысады.

Демек, ойнай жүріп, баланың әнге деген құштарлығы арта түседі. Музыкалық – дидактикалық ойындарды ойнау, балалардың музыкаға қызығушылығын арттырады және музыкалық іс - әрекет түрлерін тез, әрі дұрыс үйренуге көмектеседі.

•Музыкалық сабақтар

- Музыкалық- дидактикалық ойындарды жүйелі түрде пайдалану– музыканы сипатына, көңіл - күйіне, динамикалық реңкіне қарай ажыратуды үйретеді.
- Балаларды әр түрлі музыкалық шараларға тек жеке өзін қатыстырмай, үлкендермен, ата - аналармен бірге қатыстырудың мәні зор. Бұл баланың өзіне - өзінің сенімін ұштап, шығармашылығын шыңдайды
- Музыкалық - ырғақты қимылдарды орындауда, би билеуде музыкалық аспаптарды қолдану музыканың ырғағын, динамикалық үнін, екпінін ажыратуға үйретіп, орындаушылық шеберліктерін шыңдайды.

• Мазмұны:

- Мерекелік ертеңгіліктердің, ойын - сауықтардың, сахналық қойылымдардың кезінде бала образдық бейнелерді дәл бере білуге, сахна мәдениетіне жауапкершілікке, көпшілікпен жұмыс істеуге үйренеді.
- Оқу - тәрбие жұмысын жан - жақты дамыту мақсатындағы басты міндеттердің бірі бала тәрбиесіне қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан тұрмыс - салтына, әдет - ғұрпына, ұлттық дәстүріне байланысты әдебиет пен мәдениетке, өнерге үйрете отырып, баулу.

Белгілі бір өнер иесіне арналған әсерлі әдеби - музыкалық кештер өткізу де бала санасында із қалдырады. Жақсыға, әдемілікке, үлкеннің маңызды да пайдалы ісін қайталауға, ұқсап бағуға талпындырады.

•Тәжірибе

- Тыныштықта отырып жағымды ойларды шоғырландыруға әуенді пайдалану өте тиімді.
 - Музыканың тамаша үлгілері адамның санасын оятуға, оның бойынан күтпеген талант пен қабілетті ашуға себепкер болады.
 - Музыка шығармашылыққа дем береді, сондықтан балалар сурет салумен, жабыстырумен, әдеби шығарма жазумен шұғылданған кезде оны қосып қойған жөн.
- 1.Тыныш отыруға арналған музыка.

